

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама №2

Өткен күні: 10.11.2022 ж.

Өткен орны: Мектепте, 301А кабинет

Қатысқандар:

1. Амантайұлы Ербақыт
2. Абишева Макпал Жанатовна
3. Ахмутдинов Қайыржан Сермұхаметович
4. Бәри Қабдолқапар Жапарұлы
5. Бекжанова Алтын Кайркеновна
6. Жумагулова Гульгуль Азимовна
7. Касимова Майгуль Кайратовна
8. Нурманова Асем Аргиновна
9. Сенкибаева Алия Сериковна

Шақырылғандар: 2

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Н.К.Рахметова
2. Әлеуметтік ұстаз Бейсенбаева А.Ж.

Күн тәртібінде:

1. Өткен тоқсанда жүргізілген жұмыстар бойынша есеп. «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесінің өтуі, көрсетілген көмек түрі / Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – Нурманова А.А. және әлеуметтік ұстаз.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру жұмыстары/ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері.
3. Оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету. Президенттік Жаңа жылдық шыршаға қатысушыларды анықтау/ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері, ТІМ, әлеуметтік ұстаз

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.А.Нурманова өткен тоқсанда жүргізілген жұмыстар бойынша есеп берді. Соның ішінде «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесінің өтуі бойынша және жиналған қаражаттың жұмсалуды бойынша ақпарат берді. «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесі мектебімізде 26-28 қазан аралығында өтті. Бұл жәрмеңкеге 0-11 сынып оқушылар мен ата-аналары және сынып жетекшілері қатысты. Қайырымдылық жәрмеңкесінен 319760 (үш жүз он тоғыз мың жеті жүз алпыс) теңге көлемінде ақша жиналып, оның 225000 теңгесі 9 мұқтаж оқушыға берілді. Олар: 1 «в» сынып – Қайыржан Ахмадияр, 1 «а» - Қайрат Ерсұлтан, 2 «в» - Бейсекей Мадиде, 2 «в» - Жанабильева Рамиля, 2 «ә» - Елюбай Жанель, 3 «а» - Тлеумбетов Алан, 4 «в» - Миерман Инжу, 5 «в» - Саруар Аяулым, 9 «а» - Нуржанов Нуржан. Әр оқушыға 25000 теңгеден табысталды. Қалған 94760 теңге күтпеген жағдайларға сақталады.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру жұмыстары сұрағы бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелері сөз алды. Әр жартыжылдық негізінде қайырымдылық жәрмеңкелері ұйымдастыру ұсынылды.

Көп балалы, аз қамтылған отбасы және жалғыз басты ана Аубакирова Гүлнар денсаулығына байланысты ауруханаға түсуіне байланысты, ол кісінің бес баласын 6 «А» сынып жетекшісі Сибанбаева Гүлнұр Сакенқызы уақытша қамқорлыққа алып отыр. Сондықтан «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесінен қалған 94760 теңгеден ол балалардың керек-жарағына, азық-түлігіне көмек көрсету мақсатында материалдық көмек көрсетуді ұсынамыз. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Касимова Майгуль Кайратовна қайырымдылық көрсетіп, бұл отбасының бес баласына киім сыйлайтын болды.

Үшінші сұрақ бойынша Оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету. Президенттік Жаңа жылдық шыршаға қатысушыларды анықтау сұрақтары бойынша мектебіміздің әлеуметтік ұстазы – А.Ж.Бейсенбаева сөз алды. Президенттік шыршаға 4 «ә» сынып оқушысы Баяхмет Мадина, 6 «ә» сынып оқушылары Нұрлыбекқызы Перизат, Жусупова Мерей баратын болды.

Шешім:

1. «Жанашыр жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесі әр жартыжылдықта бір рет жүргізілсін.
2. Уақытша қамқорлыққа алған ұстаз Сибанбаева Гүлнұр Сакенқызына 50000 теңге көлемінде көмек көрсетілсін және Касимова Майгуль Кайратовна осы Аубакирова Гүлнардың бес баласына киіммен көмек береді.
3. Президенттік Шыршаға 4 «ә» сынып оқушысы Баяхмет Мадина, 6 «ә» сынып оқушылары Нұрлыбекқызы Перизат пен Жусупова Мерей барсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

 Ербақыт Амантайұлы

Хатшы:

 Бөкен Гүлдана Алибекқызы


Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Ахмутдинов Қайыржан Сермұхаметович 

Бәри Қабдолқапар Жапарұлы 

Бекжанова Алтын Кайркеновна 

Жумагулова Гульгуль Азимовна 

Касимова Майгуль Кайратовна 

Абишева Макпал Жанатовна 

Сенкибаева Алия Сериковна 

Нурманова Асем Аргиновна 